

**Алматы облысында 2005-2007 жылдары тұрғын үй құрылысын дамыту бағдарламасы туралы**

*Күші жойған*

Алматы облыстық Мәслихатының 2004 жылғы 03 маусымдағы N 6-46 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 07 шілдеде N 1677 тіркелген. Күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 16-105 шешімімен

**Ескерту. Шешімнің күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 16-105 шешімімен.**

"Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" 2004 жылғы 19 наурыздағы Президенттің Қазақстан халқына Жолдауына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-шы бабына сәйкес, тұрғын үй құрылысын дамыту үшін Алматы облыстық мәслихаты

**Ш Е Ш І М**

**қ а б ы л д а д ы :**

1. Алматы облысында 2005-2007 жылдары тұрғын үй құрылысын дамыту бағдарламасы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Облыстық құрылыс және инфрақұрылым бөлімі, сәулет және қала құрылысы басқармасы, сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялаудың аумақтық басқармасы, аудандар мен қалалардың әкімдері көрсетілген бағдарламаны жүзеге асыру үшін нақты шаралар әзірлесін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А. Б а т а л о в қ а жүктелсін.

Облыстық мәслихат

сессиясының

төрағасы Б.

Тұрсынмұратова

Облыстық

мәслихаттың

Х а т ш ы с ы

А .

С ы д ы қ

# Алматы облысында 2005-2007 жылдары тұрғын үй құрылысын дамыту

## БАҒДАРЛАМАСЫ

### 1. Бағдарламаның Паспорты

<i>Бағдарламаның аталуы</i>	Алматы облысында 2005-2007 жылдары тұрғын үй құрылысын дамыту Б а ғ д а р л а м а с ы
<i>Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме</i>	2004 жылдың 19 наурызында Президенттің Қазақстан халқына "Бәсекеге қабілетті Қазақстанға, Бәсекеге қабілетті экономикаға, Бәсекеге қабілетті халқы үшін" Ж о л д а у ы .
<i>Әзірлеушілер</i>	Құрылыс және инфрақұрылым бөлімі, сәулет және қала құрылысы басқармасы, Э к о н о м и к а б а с қ а р м а с ы .
<i>Мақсаты</i>	Тұрғындардың көпшілігін тұрғын үйлерге қол жеткізуін қамтамасыз ететін, тұрғын үй құрылысын дамыту мәселелерін кешенді шешу
<i>Міндеті</i>	Тұрғын үй құрылысының жинақтау жүйесі мен ипотекалық кредит арқылы халыққа сату үшін жаңа тұрғын үйлер салу. Тұрғындардың әлеуметтік қорғаулы және аз қамтылған топтар үшін мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорын құру. Мемлекеттік қызметкерлер мен бюджеттік ұйымдардың қызметкерлерін тұрғын үй мен қамтамасыз ету. Құрылыс кәсіпорындары мен ұйымдарының күш қуатын және құрылыс индустриясы саласын дамыту. Аз қабатты элиталық құрылыс аумағын қалыптастыру. Қазіргі уақытқа сай, тиімді конструкциялар мен әрлеуші материалдарды қолданудың, озат технологияларын енгізіп жаңа типті тұрғын үйлер салу.
<i>Жүзеге асыру мерзімі</i>	2 0 0 5 - 2 0 0 7 ж ы л д а р
<i>Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері</i>	Бағдарламаны жүзеге асыру үшін республикалық бюджеттен 8115,3 млн. теңге кредит бөліну қажет, оның ішінде: 2005 жылы - 803,1 млн. теңге; 2005 жылы - 2705,1 млн. теңге; 2006 жылы - 2705,1 млн. теңге; 2007 жылы - 1902, млн. теңге. Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үйлерді салуға қаражаттың қажеттілігі 1176,0 млн. теңгені құрайды, 2004-2006 жылдары 392 млн. теңгеден.
	762,5 мың. шаршы метр тұрғын үйлер енгізіледі, оның ішінде тұрғын үйлерді жылдар бойынша енгізу: 2005 жыл - 190,5 мың. шаршы метр; 2006 жыл - 254,0 мың. шаршы метр; 2007 жыл - 318.0 мың. шаршы метр. Осы жылдары 9,5 мың жанұяны тұрғын үйлерімен қамтамасыз ету күтілуде. Бағдарламаның жүзеге асырылу нәтижесінде:

<i>Күтілетін нәтижелер</i>	тұрғын үй қорының қолайлығы жақсарады; қалалар мен елді мекендердің сәулеттік келбеті жақсарады; салықтардан, құрылыс салу қызметтерінен бюджетке төленетін жылжымайтын мүлікке салынатын салықты жинау жоғарылайды; құрылыс материалдары өнеркәсібінің, электротехникалық, металлургиялық және химия өнеркәсіптерінің өнім шығару көбейту есебінен аралас салаларында мультипликативтік әсер күтілуде.
----------------------------	---

## 2 . К і р і с п е

Тұрғын үй құрылысы бағдарламасы Президенттің Қазақстан халқына 2005 жылға арналған Жолдауында (2004 жылдың 19 наурызы) жарияланған Жаңа тұрғын үй саясатын жүзеге асыру үшін әзірленген. Бағдарлама " Жеке тұрғын үй құрылысы туралы", " Тұрғын үй қатынастары туралы" және "Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын жинақтау туралы" Заңдарына , сондай-ақ "Жылжымайтын мүліктің ипотекасы туралы" Президенттің заң күші бар Жарлығына және басқа да нормативтік актілеріне сәйкес әзірленген.

Әкімшілік орталығы Талдықорған қаласына көшуі, облыс экономикасының жоғарылауы, халықтың көпшілігі өздерінің тұрмыстық жағдайларын жақсартуға талпынуы инвестициялық сұранысты құрудың кепілді көзі болуы ескереді.

Бағдарламада бағасын төмендету, ипотекалық кредит мерзімін ұзарту, алғашқы төлемдердің және кредит беру ставкаларын төмендету арқылы көпшіліктің тұрғын үйлерге қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі іс шаралары қ а р а с т ы р ы л ғ а н .

Республикалық бюджетінен құрылыс салуға кредит және жеке санаттағы тұрғындарға коммуналдық тұрғын үй салу Бағдарламаның негізгі жүзеге асыру м е х а н и з м і б о л ы п т а б ы л а д ы .

Барлық инженерлік жүйелерімен және инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз ете отырып, аумақта кешенді құрылыс салуды қамтамасыз ету қ а р а с т ы р ы л а д ы .

Ипотека, тұрғын үй құрылысының жинақтау жүйесі және халықтың, мемлекеттік емес компаниялардың, банктердің және инвесторлардың қосымша қаражатын тарту арқылы, облыстың тұрғын үй құрылысы проблемаларын жүйелі шешу, енгізілетін тұрғын үйлердің сапа көрсеткіштерін және санын көбейтуге ж о л б е р е д і .

### 3. Тұрғын үй құрылысының қазіргі жағдайын талдау

1 )	Т ұ р ғ ы н	ү й	қ ұ р ы л ы с ы :
	т ұ р ғ ы н	ү й	қ о р ы н ы ң жағдайы ;

Алматы облысының аумағы - 224,1 мың шаршы метр;

Халық саны - 1 5 6 0 4 8 5 адам

Алматы	облысының	халқы:	
Әкімшілік	-	аумақтық	құрылымы:

елді мекендер - 836;

аудандар - 16.

Алматы облысының нақты тұрғын үй қоры 23115.2 мың шаршы метрді құрайды. Тұрғын үй қоры негізінде 1960 жылдардан бастап 1991 жылдарға дейін тұрғын үйлер салынған кезінде құрылған. Нарықтық экономикасының элементтерін тұрғын үй - коммуналдық салаларына және тұрғын үйлерді жекешелендіруге енгізу мерзімінде 38,2 мың шаршы метрден тұратын ( 9 қосымша ) құрылысы бітпеген тұрғын үйлер қоры құраған.

Облыс бойынша одан басқа жалпы тұрғын үй қорының көлемінде:

- мемлекеттік емес секторда құлағалы тұрған 9621 үй бар;

- мемлекеттік секторда құлағалы тұрған 1823 үй бар.

Барлығы 35 мың адам тұрып жатқан 11444 құлағалы тұрған тұрғын үй бар. Құлағалы тұрған үйлердің жалпы санынан ең көбі - 25,6 % Текелі қаласына келеді.

*Халық саны 1,5 млн. адамнан құралған кезде, бір адамға, орташа санмен санағанда 15 шаршы метр тиеді.*

Ең жоғары қамсыздандырылған (18 шаршы метрден жоғары) Текелі қаласы, Талғар және Қаратал аудандары.

Аудан әкімдіктерінің берген мәліметтеріне сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорынан пәтер алуға мұқтаж халықтың саны, категориялар бойынша (2004 ж. 01.01.) 3081 адамды құрайды (7,8).

Облыс орталығы Талдықорған қаласына көшуіне байланысты 2001 жылы мен 2003 жылы аралығында 1215 пәтер және жалпы алаңы 17683 шаршы метр тұрғын үйлер күрделі жөнделген, қайта жаңартылған, салынып пайдалануға берілген. Облыс бюджетінің есебінен жалпы алаңы 43,0 мың шаршы метрден астам, сметалық бағасы 1,2 млрд. теңгеден астам 15 құлағалы тұрған тұрғын үйлер қайта жаңартылған және жөнделген.

836 елді мекеннің ішінде 417 елді мекен, 1970-1980 жылдары аралығында, 1990-2000 жылдарына дейінгі мерзімге есептелген бас жоспарлармен қамтамасыз етілген. Бұрын дайындалған 9 қалалары, 15 жұмысшылар кенттері және аудан орталықтарды қосқанда елді мекендердің бас жоспарлары және аудан

жоспарларының жобалау жоспарлары түзетуді қажет етеді.

### С ұ р а н ы с :

Жалпы облыс бойынша тұрғын үйге сұраныстың деңгейі төмен. Бұл қалалар мен барлық ауылдық елді мекендерінің басым көпшілігі. Тұрғын үй жылжымайтын мүлігіне сұраныс азды-көпті ұйымдасқан болып коттедждік құрылысы топталған, сонымен қатар облыстың өңдеу өнеркәсіптерінің орташа және үлкен кәсіпорындары шоғырланған Алматы қаласына шектес аудандар ж а т а д ы .

Облыс орталығы көшуіне байланысты Талдықорған қаласындағы тұрғын үйлердің бағасының өсуі тұрғын үй құрылысын дамыту бағдарламасын жүзеге асырудың қолайлы факторы болады. Нақты факт тұтынушының сұранысын және қол жетер, жаңа үйлерді сатуға мүмкіндігі жоғарылағаны туралы мәлімдейді.

Жанұялардың табыстар деңгейі статистикалық мәліметтер бойынша, 4370 жанұя (табыстары 50 мың теңгеден астам жанұялар) тұрғын үй құрылысы қорының жүйесі потенциалдық қатысушылары болу мүмкін деп санауға мүмкіндік береді. Ипотекалық кредит алу жүйесінде 1000 отбасына дейін қатыса алады. Алматы қаласының тұрғындарымен Қарасай, Талғар, Еңбекшіқазақ, Іле аудандарында қымбат емес жаңа үйлерді сатып алудың тартымдылығын да е с е п к е а л у к е р е к .

### 2) Жеке тұрғын үй құрылысының жағдайы

Соңғы жылдары тұрғын үй құрылысы көлемінің өсуі байқалды.

Тұрғындар қаражаты есебінен төрт жыл бойында 469,8 мың шаршы метр тұ р ғ ы н ү й е н г і з і л д і .

2003 жылы тұрғын үй құрылысының инвестициялары 3640,0 млн. теңгені құрды, оның ішінде мемлекеттік меншікте 272,2 млн. теңге, жеке меншікте 3367,8 млн. теңге, оның ішінен жеке құрылысқа 1806,8 млн. теңге. Жалпы алаңы 133,1 мың шаршы метр немесе өткен жылдың деңгейіне 110,7 %, 1917,9 млн. теңге тұратын 1342 тұрғын үйлері салынып іске қосылған. тұрғын үй құрылысының бір шаршы метрінің орташа бағасы 14,4 мың теңгені құрайды.

2004 жылғы қаңтар-наурыз аралығында тұрғын үй құрылысына инвестициялар 1029,2 млн. теңгені құрайды, оның ішінде мемлекеттік меншікте 69,0 млн. теңге, жеке меншікте 960,2 млн. теңге. Төрт ай бойы алаңы 43,6 мың шаршы метр немесе өткен жылдың деңгейімен салыстырғанда 106% өскен, 393 пәтер салынып іске қосылды. Тұрғын үйдің жалпы алаңының бір шаршы метрін салудың орташа бағасы 23,7 мың теңге. Тұрғын үй құрылысының шығындары негізінде жеке құрылыс салушылар есебінен арқылы жүзеге асырылған.

Облыстың бес өңірінде тұрғын үй құрылысының елеулі жоғарылауы белгіленген. Еңбекшіқазақ ауданы төрт жыл ішінде 58,2 мың шаршы метр тұрғын үйлерді пайдалануға берген, тұрғын үйді пайдалануға беруді енгізудің

жыл сайын өсуі 11% құрайды. Іле ауданы төрт жыл ішінде 52,9 мың шаршы метр енгізген, жыл сайынғы өсуі 10 %; Қарасай ауданы 143,7 мың шаршы метр енгізген, жыл сайынға өсуі 10 %; Талғар ауданы 100,2 мың шаршы метр енгізген, 12 % өскен; Панфилов ауданы 31,5 мың шаршы метр, 12% өсті. Көрсетілген аудандармен осы кезеңде облыс бойынша тұрғын үйлерді пайдалануға берудің жалпы көлемі 82,2 % құрайды, барлығы 386,5 мың шаршы метр тұрғын үйлер е н г і з і л г е н .

3) Жеке капитал инвестициясын тарту арқылы тұрғын үй салу 2000 жылдан 2003 жылға дейінгі мерзімде барлығы облыс бойынша 517,0 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Облыста тұрғын үйлерді салумен негізінде төрт мемлекеттік емес компаниялар айналысады: "СИК" ЖШС, "Айсель-Казахстан" ЖАҚ, "Южинвестстрой" ЖШС БК, "Реиз-ал" ЖШС. 2003 жылы "Южинвестстрой" ЖШС БК-мен, "Реиз-ал" ЖШС-мен ғана тұрғын үй құрылысына 1075,1 және 288,8 млн. теңге енгізілген. тұрғын үй Қарасай және Талғар аудандарында с а л ы н ғ а н .

#### 4) тұрғын үйлердің бағаларын талдау

Облыс бойынша тұрғын үйлер рыногында негізгі ұсынысты қайта салынған үйлер құрайды. Белгіленген объектілерінің бағаланған рыноктық бағасы бойынша, 2004 жылдың 1 сәуірінде тұрғын 1 шаршы метрдің бағасы:

Қалалар	Тұрғын үй	П ә т е р л е р			
		1 бөлмелі	2 бөлмелі	3 бөлмелі	Бөлмелі
Талдықорған	11 580	10 400	9 400	9 420	10 940
Текелі	5 250	5 450	5 750	5 875	6 375
Қапшағай	9 500	9 250	7 625	8 125	11 750

2003 жылы жеке тұрғын үйдің 1 шаршы метрін салу құны орташа 14,4 мың теңгені құрастырды, көпқабатты құрылыста 38,7 мың теңгені. Сүмбе ауылында, жер сілкінісі болған аумақта, үйлерді салудың құны 40 мың теңгені құрастырды, Талдықорған қаласындағы жатақханаларды тұрғын үйлерге сәйкестендіріп қайта жөндеуге 37 мың теңге. 2004 жылы 1 шаршы метрі 16,6 мың теңге, 2005-2007 жылдары орташа 49,0 мың теңге жеке құрылыс салу ж о с п а р л а н ғ а н .

2001-2003 жылдары тұрғын үйлерді іске қосудың орташа бағасы:

Қ а л а	2 0 0 1	2 0 0 2	2 0 0 3
Талдықорған	2 4      4 0 0	9      8 6 9	1 0      6 1 2
Т е к е л і	4      8 2 7	5      1 9 1	5      5 8 1
Қ а п ш а ғ а й	9      2 0 0	1 0      0 0 0	7 0 0

5) тұрғын үй рыногын дамытудың қаржы құралдары:

Ипотекалық кредит:

Жетілген елдердің тәжірибесі тұрғын үйді сатып алу әдісінің ең қолайлысы халық үшін ипотекалық кредит алу екендігін көрсетеді. Ереже ретінде, алып отырған жылжымайтын мүлік кепіліне кредит тұрғын үйдің бағасынан алғашқы жарна 15-30 % төленген жағдайда ғана беріледі. Кредиттің мөлшері кредит алушының күнделікті табыстарына сүйене отырып анықталады және жалпы ережеге сәйкес, ай сайынғы төлемдер табыстың 30-35 %-нан аспау керек. Кредитті қайтармаған жағдайда жылжымайтын мүлік саудада сатылып кетеді, кредит беруші өзінің шығындарын қайтарып алады. Сонымен бірге ипотекалық кредит берудің әлемдік тәжірибесі қайтарылмаған ипотекалық кредиттің саны біршама көп еместігін 0,1-3,0% куәландырады.

Қазіргі күні Алматы облысында ипотекалық кредит беру рыногында 4 банк бар: "Казкоммерцбанк" АҚ, "Банк ТуранАлем" АҚ, "Қазақстан Халықтық Банкі" АҚ, "Банк Центр Кредит" АҚ.

Банктің аталуы	Пайыздың ставкасы%	Алғашқы төлемнің көлемі, %	Кредит беру мерзімі
БанкЦентрКредит	1 3 , 6	1 5	15 жылға дейін
БТА Ипотека	1 3 , 2	1 5	15 жылға дейін
Казкоммерцбанк	1 3 , 5	1 5	20 жылға дейін
Қазақстан Халық Банкі	7 - д е н	1 5	20 жылға дейін

Жалпы Алматы облысы бойынша ипотекалық кредит қайталама тұрғын үйлер рыногында операциялар үшін қолданылады. 2004 жылдың 1 сәуіріндегі жағдайы бойынша 265 азамат қайталама рыногында тұрғын үй алу үшін ипотекалық кредит алды. Кредиттің орташа мөлшері бір адамға 1,1 млн. теңгені құрады.

"Банк ТуранАлем" АҚ Алматы облысында ипотекалық кредит беруді 2004 жылдың қаңтарынан бастады, қайталама тұрғын үйлер рыногында жалпы сомасы 19,9 млн. теңгеге 2856 шаршы метрді сатып алуға кредит берілген.

"Банк ЦентрКредит" АҚ жалпы сомасы 199,1 млн. теңгеге 107 ипотекалық кредит берді.

"Қазақстан Халық Банкі" АҚ жалпы сомасы 11,4 млн. теңгеге 31 ипотекалық кредит алушыға кредит берді.

"Казкоммерцбанк" АҚ-мен 107 кредит берілді, кредиттің сомасы 62,0 млн. теңгені құрады.

Облыста жаңа құрылыстарға ипотекалық кредит беру халықтың табысы төмен болғандықтан дамытылмаған. Қызмет көрсетудің нақты түрі халықтың біршама шағын санаттарына ғана қолжетерлік.

*тұрғын үй құрылысы қорының саласы:*

Бүгінгі күні "Жилстройсбербанк" АҚ Қазақстан бойынша жалғыз мамандандырылған мекеме және төмен проценттік ставкамен - теңгемен жылдың 3,5%-дан 6,5%-ға дейін ұзақ мерзімді (10-15 жылға дейін) тұрғын үй кредитін беру жөніндегі міндеттерін өзіне алады. "Жилстройбанк" АҚ бірінші кезеңде клиенттердің жинақтарын (орташа 4-5 жыл) депозиттік шоттарында жинауды қарастыратын, тұрғын үй құрылыстарын сақтауды енгізу жұмыстарын енді ғана бастады.

*б) Құрылыс материалдарын шығаратын өндірістік саланың жағдайы*

Алматы облысында құрылыс материалдарын шығару үшін шикізат қорының барлық түрлері бар (балшық, құм, қиыршық тас, мәрмәр және басқа да). Бекітілген қормен қоймалардың саны - 182, оның ішінде пайдалануға енгізілгені - 51. Одан басқа 21 қойнау учаскесінде барлау жүргізілуде.

Шикізат базасының нақты әлеуеті, сондай-ақ құрылыс жұмыстарының күрделі көлемі облыс бойынша құрылыс материалдар өнеркәсібін дамытуға жағдай жасайды. Осылайша соңғы үш жыл бойы төмендегі көрсеткіштерімен сипатталатын, нақты салада тұрақты өсу қарқыны байқалады:

құрылыс жұмыстарының түрлері	2001 жыл	2002 жыл	2003 жыл	2003 жылдың. 2002 жылға, % бойынша өсу қарқыны
Кірпіш, мың.шт.	14190	10965	39087	3,5 есе
Бетон, тонн	7145	23548	167370	7,1 есе
Бетоннан құрма құрылыс конструкциялары		44895	89132	2 есе



Қиыршықтас, мың куб метр	917,6	1233,8	1330	1 0 7 , 8
Құм, мың куб.м	596,3	567,3	810,3	1 4 2 , 8
Избес тас, тонн	9460	14213	17330	1 2 1 , 9

Облыс және Алматы қаласы бойынша тұрғын үйлерді пайдалануға беру республикамен салыстырғанда 22 % құрайды.

Алматы облысында шикізаттарды пайдалану және құрылыс материалдарын өндірудің негізгі түрлерін шығару, сондай-ақ олардың қажеттілігі төмендегідей көрінеді :

- *К і р п і ш ш ы ғ а р у :*

Қазіргі уақытта облыста 18 кірпіш заводы жұмыс жасайды (Алматы облысында 17, біреуі Талдықорған регионнда). Ең көбі Қарасай, Талғар, Еңбекшіқазақ және Ұйғыр аудандарында шоғырланған.

2004 жылы тұрғын үйді іске қосу болжауы жұмыс істеп тұрған кірпіш заводтың жоспарлы көлемі 2004 жылы 41,6 млн. шартты дананы құрайтын кезде кірпіштің қажеттілігі 56,9 млн. шартты дананы құрайтынын көрсетеді. Сонымен қатар күтілетін дефицит - 15,3 млн. шартты дана өсу екпінін ескере отырып өсе береді .

*Талдықорған өңірінде* тұрғын үй құрылысының қажеттілігі 13,7 млн. шартты дана кірпішін құрайды. Текелідегі кірпіш заводының қуаты 2,5-3 млн. дана шартты кірпішін құрайды. Аудандардың қажеттілігін нақты қанағаттандыру және тапшылықты жабу үшін сегіз балшық қоймасы және үш балшық-пластификаторлар қоймасы негізінде жаңа 11 кірпіш (үш қаптау кірпіш) заводын салып және бұрынғыларды қалпына келтіру керек.

*Алматы өңірінде* (оның ішінде Алматы қаласы) тапшылық **53,6** млн. шартты дана кірпішін құрайды. Оны жабу үшін 12 балшық және екі балшық пластификатор қоймасы негізінде Алматы қаласына жақын жерде 14 жаңа (екі қаптау) кірпіш заводын салу керек.

*Бетон өнімдері мен асфальтобетон ботқасын шығару:*

Бетон мен асфальтобетон ботқаларының толтырғыш негіздері қиыршықтас пен құм. Құм-қиыршықтас ботқасы және құрылыс тасы қиыршықтасты шығарудың шикізаттары .

Қиыршықтастан құрылыс материалдарын шығару үшін шикізат базасы 6 ауданда ғана түгел қамтамасыз етілген.

--	--

23 қойнау пайдаланушы облыс аумағында құм-қиыршық тас ботқасын шығаруды жүргізеді. Барлық өңделіп жатқан қоймалар Алматы регионьнда орналасқан - Қарасай, Еңбекшіқазақ және Жамбыл аудандарьнда.

*Құрылыс тастарын шығару:*

Облыс аумағында құрылыс тастарын шығару жұмыстарын облыстық қажеттілігін түгел жабатын алты қойнау пайдаланушы ( екеуі Талдықорған регионьнда, төртеуі Алматы регионьнда) жүргізеді.

*Қ ұ м ш ы ғ а р у :*

Облыс бойынша жалпы құрылыс құмымен жеткілікті қанағаттандырылған.

*Басқа құрылыс материалдар:*

Облыста: кесілмелі материал-24 мың. куб метр, терезе және есік блоктары - 40,8 мың шаршы метр, ғаныш картон, лак краска өнімдері - 870 тонн, кабель-жүргізу өнімдері - 19520,7 мың метр, электрлік есепші 21940 дана және б а с қ а д а ш ы ғ а р ы л а д ы .

*Қ ұ р ы л ы с ұ й ы м д а р ы :*

Облыста 600 құрылыс ұйымдары жұмыс істейді, оның ішінде 9 ірі ұйымдар, 31 орташа, 560 кіші өнеркәсіп субъектілері. Құрылыс ұйымдары 2065 дана техника мен (оның ішінде 382 жер қазу, 276 жүк көтеру, 1407 автокөлік), жеткілікті санда кіші механикаландыру құралдарымен, керекті жабдықтарымен және инструменттерімен жабдықталған. Оларда 21 мыңнан артық құрылыс мамандығының білікті жұмысшылар, бір мыңнан артық инженерлік-техникалық жұмысшылар жұмыс істейді.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

Бағдарламаның негізгі мақсаты көпшілік тұрғындардың тұрғын үйге қолжеткізуін қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысын дамыту мәселесін кешенді ш е ш у б о л ы п т а б ы л а д ы .

Мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі міндеттерді шешу белгіленіп отыр: Ипотекалық несие және тұрғын үйлер құрылысын жинақтау жүйесі арқылы халыққа сату үшін жаңа тұрғын үйлер салу.

Табысы төмен және әлеуметтік қорғаулы халықтар тобы үшін мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорын құру.

Мемлекеттік қызметкерлер мен бюджеттік мекемелердің жұмысшыларын тұрғын үйлермен қамтамасыз ету.

Құрылыс индустриясы саласын дамыту және құрылыс кәсіпорындары мен мекемелердің қуаттылығын көтеру.

Аз қабатты элиталық құрылыс аймағын құру.

Қазіргі заманға сай, тиімді конструкциялар мен қаптау материалдарын қолданып озат технологияларын енгізе отырып жаңа типті тұрғын үйлер салу.

5. Бағдарламаны жүзеге асырудың негізгі механизмі мен бағыттары  
Бағдарламаны іске асыру төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

Тұрғын үй салуға ұсыныс беруді ынталандыру;  
Кредит қаржысы арқылы тұрғын үй салу;  
Тұрғын үй құрылысын жинақтау жүйесін дамыту;  
Жеке тұрғын үй құрылысын дамыту;  
Жеке капитал инвестицияларын тарту арқылы құрылыс жүргізу;  
Коммуналдық тұрғын үйлер салу;  
Тұрғын үйдің бір шаршы метрін салу бағасын төмендету;  
Құрылыс материалдары өнеркәсібін дамыту.

1) *Тұрғын үй құрылысын жүргізуге ұсыныс ынталандыру*

Азаматтарды 1 шаршы метрдің бағасы 350 АҚШ долларынан аспайтын жаңа қымбат емес тұрғын үйлерімен қамтамасыз ету үшін жағдай жасалады. Қол жетерлік тұрғын үй Индустрия және сауда министрлігімен келісілген жоба бойынша салынады,

Қол жетерлік тұрғын үй мемлекеттік қаржы арқылы салынады. Сонымен қатар, тұрғындардың бұндай тұрғын үйлерді сатып алуы, ипотекалық кредит арқылы немесе тұрғын үй құрылысын жинақтау банкілері арқылы жүзеге асырылады.

Көрсетілген тұрғын үйлерін салуды қамтамасыз ету үшін тұрғын үйлерді салудың құнын төмендетуге бағытталған шаралар әзірленген.

2) *Тұрғын үйлерді кредит қаржысы есебінен салу*

**Ескерту: 2 тармақ өзгерді - Алматы облыстық мәслихатының 2005.03.16 N 15-108 шешімімен.**

Екінші деңгейдегі банктердің қазіргі ережелері жаңа тұрғын үйлерді салуға ипотекалық кредит үшін қолайсыз (несиенің сомасы - болжалды 28 мың АҚШ доллары).

Екінші деңгейдегі банкілер ипотекалық кредит берген кезде жобадағы ақының ставкілерін (10% дейін), алғашқы төлемдерінің мөлшерін (10% дейін) төмендетуі және несиенің мерзімін ұзартуы (20 жылға дейін) ипотекалық несие жүйесінің қарымды қолданушылар шеңберін елеулі көбейеді.

*Төлей алатын сұраныс:*

Республикалық бюджетінің несиесін пайдалану және қайтару төмендегі схема бойынша жүзеге асырылады:

Облыс әкімдігімен төмендегідей дайындық жұмыстары жүргізіледі:  
- инженерлік коммуникациялар жүйесінің байланыстарын ескеріп, өңделген бас жоспарлар шеңберінен шықпай жоспардағы келешек құрылыс үшін жер

- аумақтық құрылыс индустриясын дамыту көріністері мен мүмкіндіктерінің байланыстарын ескере отырып, дамушы (арзандау) материалдарын қолданып, аумақтық ерекшелікті ескеріп, сәулеттік-жоспарлау параметрлерін таңдау;

- істеп тұрған магистральдық, инженерлік-коммуникациялық және махалалар ішіндегі жүйелердің құрылысын және қуаттылығын арттыру;

- жергілікті атқарушы органдарға несие беру Шарттарына сәйкес облыс әкімдігі Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігімен ( бюджеттік Бағдарламаның администраторы ретінде), Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен тұрғын үй салуға нөлдік ставка бойынша несие алуға үш жақты несиелік келісім шартқа қол қояды;

Облыс әкімдігімен жобалау-сметалық құжаттарды өңдеу және 2005-2007 жылдары тұрғын үй салатын құрылыс кәсіпорындарын таңдау жөнінде конкурстық процедуралары жүргізіледі, сонымен қатар тұрғын үйдің 1 шаршы метрін салу құны 350 АҚШ долларынан аспайды.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітілген жоба бойынша тұрғын үйлер салатын мердігер ұйымдар таңдау жүзеге а с ы р ы л д ы .

Тұрғын үй құрылысын дамыту бағдарламасы бойынша облыстық сәулет, қала құрылысы және құрылыс басқармасы белгіленген тәртіппен құрылыс жүріп жатқан объектілерден 2005-2007 жылдардың жазғы кезеңдерінде студенттік құрылыс отрядтарына жұмыс көлемін ұйымдастыруға ықпал етсін.

Салынған үйлерді сату үшін ҚР Қаржы министрлігі әзірлеген халыққа тұрғын үй сату Шарттарына сәйкес үйлерді сататын, риэлтрлік ұйым белгіленеді.

Тұрғындарға сататын үйлерді салу облыс орталығы - Талдықорған қаласында, Алматы қаласына жақын Қарасай, Талғар, Іле, Еңбекшіқазақ аудандарында жоспарланған. ( 1 , 2 , 3 қосымшалар ).

Республикалық бюджеттің несие құжаттары арқылы 170,4 мың шаршы метр тұрғын үй беру болжануда, оның ішінде:

2005 жылы - 56,8 мың шаршы метр тұрғын үй;

2006 жылы - 56,8 мың шаршы метр тұрғын үй;

2007 жылы - 56,8 мың шаршы метр тұрғын үй.

3) тұрғын үй құрылысын жинақтау жүйесін дамыту

Жақын арадағы үш жыл бойы барынша көп қарымды клиенттерді құрылыс салу жинақ жүйесіне тартуға бағытталады. тұрғын үй құрылысын жинақтау жүйесі арқылы үй сатып алу шарттары БАҚ және теледидарда кеңінен ж а р и я л а н а д ы .

Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімінде тұрғын үй құрылысын жинақтау жүйесі арқылы үй сатып алуды қаржыландыру болжамдалмаған.

#### 4) Жеке тұрғын үй құрылысын дамыту

Жаңа бөліктер және тозығы жеткен тұрғын үйлерді бұзу - 317,6 га есебінен қалпына келтірілген аумақтарда, сондай-ақ бос аумақтарда тұрғын үй құрылысын жүргізу жүзеге асырылады. Алматы қаласының маңындағы аудандарда элиталық коттедж, жеке тұрғын үйлер салуды көбейтуді қамтамасыз ететін құрылыс жүргізілетін учаскелердің инфрақұрылымын құру жөніндегі жұмыстардың құны белгіленуде, толық жоспарлау жобалары әзірленуде, елді мекендерде құрылыс салу үшін 1260 га жер учаскелері таңдалып бөлінген. Тұрғындардың Алматы қаласының маңындағы аудандарға көшуі, ипотекалық несие жүйесін кеңейту арқылы Қарасай, Талғар аудандарында кешенді құрылыс салу қауырт тез өседі. Сондай-ақ тұрғын үй құрылысының көлемі Еңбекшіқазақ және Іле аудандарында өседі.

Болжам бойынша 2006 жылы облыста 189 мың шаршы метр алаңымен 1800 жеке тұрғын үй салу жоспарлануда. 2007 жылы 254 мың шаршы метр алаңымен 2000 жеке тұрғын үй салу қарастырылады (5,6 қосымшалар).

Облыстың қалалары мен аудан орталықтарында толық жоспарлау жобаларын әзірлеу және аудан жоспарларының жобалары **айқындалған**.

Тозығы жеткен тұрғын үйлерді күрделі жөндеу және апатты үйлерді құлату жөніндегі Өңірлік Бағдарламада 172,6 мың шаршы метр алаңымен 3176 Тозығы жеткен тұрған үйлерді құлату қарастырылған, оның ішінде 89,6 мың шаршы метр көп пәтерлі үйлер, 83 мың шаршы метр жеке тұрғын үйлер. Күрделі құрылыс жүргізуге мұқтаж болған объектілердің тізімі белгіленген: 457,7 мың шаршы метр алаңымен 8267 үй, оның ішінде көп пәтерлі 315 мың шаршы метр, жеке 142,6 мың шаршы метр.

#### 5) Жеке капитал инвестициясын тарту есебінен тұрғын үйлерді салу

Алдымыздағы жылдарда қосымша инвестицияларды тарту арқылы арзан тұрғын үйлер салу барысы дамиды. Бүгінгі күнде Алматы қаласына жақын орналасқан Қарасай, Талғар, Іле, Еңбекшіқазақ аудандарында тұрғын үй сұранысы жоғары.

Қазіргі кезде тұрғын үй құрылысымен айналыспайтын бірақ, осы бизнесті жүргізуге қаражаты, техникасы және адам ресурстары, әлеуетті мүмкіндігі бар облыстағы құрылыс компаниялары тартылады.

Ірі компаниялардың қызметкерлерін қайта қайтару негізінде, жұмыс берушінің есебінен тұрғын үйлермен қамтамасыз ету мәселесі талқылануда.

Тұрғын үйлерді салу бағасын төмендету жөніндегі шараларды екінші деңгейдегі банктердің, жекеленген инвесторлардың ресурстарын тұрғын үйлер салуға тарту жоспарлануда.

Жергілікті атқарушы органдары тұрғын үйлер салу үшін істеп тұрған инженерлік коммуникацияларға (жылу, сумен қамтамасыз ету, электр жүйесі,

канализация т.б.) барынша жақындатылған аудандарында құрылыс жүргізу туралы кеңес бере отырып, жер учаскелерін береді

### б) Коммуналдық тұрғын үйлер салу

Бағдарламаның шеңберінде халықтық әлеуметтік қорғаулы топтарын, мемлекеттік қызметкерлерді, әскери қызметкерлерді қамтамасыз ету үшін тұрғын үйлер салынады. Салынған үйлер мемлекеттік тұрғын үй қорын толықтырады, пәтер алушыларға пәтерлер жекешелендіру құқығынсыз беріледі.

Қалған санаттағы азаматтар тұрғын үйлерді нарық механизмдерін пайдалану арқылы сатып алады.

2004-2007 жылдары аралығында 24,0 мың ш.м. коммуналдық тұрғын үйлер салу жоспарланып отыр, оның ішінде:

2005 жылы - Талдықорған қаласында 8 мың ш.м.;

2006 жылы - Талдықорған қаласында 2,48 мың ш.м. және облыстың аудандарында 5,52 мың ш.м.;

2007 жылы - Талдықорған қаласында 2,48 мың ш.м. және облыстың аудандарында 5,52 мың ш.м.

### 7) тұрғын үйдің бір шаршы метрі құрылысының бағасын төмендету

Тұрғын үй құрылысы құнының ең бір көлемді негізін құрайтын құрылыс материалдарының бағасы болып табылады. Осы бағытта төмендегі жұмыстарды жүргізу көзделіп отыр:

Нарықты негізгі құрылыс материалдарымен толықтыру, ол үшін құрылыс материалдарын шығарушылардың санын көбейтіп Бәсекелікті күшейту керек. Мысалы, кірпіштің тапшылығынан кірпіштің бағасы 2002 жылы 8-9 теңге болса 2003 жылы 15 теңгеге дейін көтерілді;

құрылыс индустрия саласының айналымына жергілікті шикізаттар ресурстарын енгізу (мрамор өнімдері, габбро, қола, базальт, балшық және т.б.);

